

«Төлегенов» оқулары жалғасын тапты

Қаламыздағы бірден бір жоғарғы оқу орны Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының негізін салушылардың бірі, әрі алғашқы ректоры математика ғылымдарының докторы, профессор Төлегенов Мырзағали Отарұлы болатын.



Алғашқы ректор математик болғандықтан, арнайы сол кісінің құрметіне Математика және физика кафедрасы жыл сайын дәстүрлі түрде «Төлегенов оқулары» атты ғылыми-практикалық конференцияны республикалық және халықаралық деңгейде өткізіп келеді. Институт әкімшілігі мен аталған кафедра ұжымы биыл да дәстүрден жаңылмай «Төлегенов оқулары» атты ғылыми-практикалық конференцияны республикалық көлемде жоғары деңгейде ұйымдастыра білді.

Пленарлық мәжілісте алғашқы болып құттықтау сөзін сөйлеген ин-

ститут ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор Сейтбек Бекенұлы конференцияның жұмысына сәттілік тіледі. Ары қарай п.ғ.д., профессор Серік Меруерт, PhD-доктор Абай Бақытжанұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен, п.ғ.к., доцент Шаяхметова Бейбіткүл Ф.м.ғ.к., доцент Маханов Канат Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен, PhD-доктор Гүлнар Мырзақанқызы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен, магистр Гүлнара Төлегенқызы

Астана қаласының «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығынан келген қонақтар өздерінің ғылым саласындағы ізденістерімен таныстырды. Соңдай-ақ, студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, профессорлардың жауаптарына қанық болды.

Сонымен қатар қаламыздың колледждерінен және қала мен аймақ мектептерінен мұғалімдер келіп, түске дейін пленарлық мәжіліске қатысты. Нағыз қызық түстен кейін басталды. Яғни, әр саланың профессорлары мен мектеп және колледж мұғалімдері арасында ар-

найы жабдықталған аудиторияларда секциялық семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында мұғалімдер профессорлармен пікір алмасып, өздерін көптен толғандырып жүрген сұрақтарын ашық қоя алды. Жілік майы шағылтан нақты жауаптар алғаны мұғалімдердің жүздерінен анық байқалып тұрды. Соңында мұғалімдер осындай конференция ұйымдастырып, профессорлармен сұхбаттастырған институт басшылығына соның ішінде Математика және физика кафедрасының ұжымына арнайы алғыстарын білдірді.

Осындай ауқымды іс-шараны абыроймен атқарып шыққан АрқМПИ әкімшілігіне соның ішінде Сания Бақытжанқызы басқарып отырған Математика және физика кафедрасының ұжымына шығармашылық табыс пен мызғымас татулық тілейміз.

Ғабит МҰХИТҰЛЫ,
АрқМПИ
оқытушысы, магистр